

FTAMP 16.01.11

<https://doi.org/10.26577/JOS202511439>**А.А. Туймебекова^{1*}, Н. Бирай², Р.М. Саламатова³**¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан²Памуккале Университеті, Денизли, Түркия³М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

*e-mail: atuymebekova@mail.ru

БА ЦЗИН МЕН БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ НАРРАТИВТЕР

Мақалада қытай жазушысы Ба Цзин мен қазақ қаламгері Бауыржан Момышұлының шығармаларындағы батырлық нарративтер нарратология және этикалық сын теориялары тұрғысынан салыстырмалы талданады. Зерттеуде соғыс тақырыбын көркем бейнелеудегі авторлық ұстаным, кейіпкерлер жүйесі, баяндау формасы мен көркемдік тәсілдер зерделенеді. Батырлық ұғымы тек майдан даласындағы ерлікпен ғана емес, сонымен қатар кейіпкердің рухани өсу жолы, ішкі өзгерістері мен моральдық таңдаулары арқылы ашылады. Ба Цзин прозасында батырлық социалистік реализм аясында ұжымдық батыр бейнесі суреттеліп, патриотизм идеологиялық борыш ретінде сипатталады. Ал Бауыржан Момышұлы шығармаларында батыр тұлғаның ішкі тәртібі, ерік-жігері мен рухани кемелденуі алдыңғы қатарға шығады, бұл жазушының әскери және педагогикалық тәжірибесімен тікелей байланысты.

Зерттеу барысында авторлардың батырлықты жеткізудегі нарративтік құрылымдары, символдар мен метафоралар жүйесі талданып, олардың ұлттық тарихи жад пен мәдени құндылықтарды көркемдік тұрғыда бейнелеу ерекшеліктері сараланады. Салыстырмалы тәсіл арқылы Қытай мен Қазақстан әдебиеттеріндегі батырлық концептісінің ұлттық болмыс пен жалпыадамзаттық құндылықтар тоғысында қалай көрініс табатыны ашылады. Мақалада батыр бейнесінің ұлттық әдеби дәстүр мен тарихи сананың ықпалымен трансформациялану үдерісі ғылыми тұрғыда зерделенеді.

Түйін сөздер: батырлық, патриотизм, рухани төзімділік, соғыс прозасы, Ба Цзин, Бауыржан Момышұлы, моральдық таңдау, ұлттық сана, қаһарман бейнесі.

A.A. Tuymebekova^{1*}, N. Biray², R.M. Salamatova³¹Al-Fababi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan²Pamukkale University, Denizli, Turkey³M. Kh. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan

*e-mail: atuymebekova@mail.ru

Heroic narratives in the works of Ba Jin and Baurzhan Momysheuly

The article presents a comparative analysis of heroic narratives in the works of Chinese writer Ba Jin and Kazakh author Baurzhan Momysheuly, using narratological and ethical criticism theories. The study explores the authors' perspectives, character systems, narrative forms, and artistic techniques in depicting the theme of war. The concept of heroism is revealed not only through acts of bravery on the battlefield but also through the character's spiritual growth, inner transformation, and moral choices. In Ba Jin's prose, heroism is portrayed within the framework of socialist realism, emphasizing the image of a collective hero, with patriotism depicted as an ideological duty. In contrast, Baurzhan Momysheuly's works foreground the inner discipline, willpower, and spiritual development of the heroic individual, closely tied to the writer's military and pedagogical background.

The study analyzes the narrative structures, systems of symbols and metaphors used by the authors, examining how national historical memory and cultural values are artistically represented. A comparative approach reveals how the concept of heroism emerges at the intersection of national identity and universal values in Chinese and Kazakh literature. The article offers a scholarly interpretation of the transformation of the hero's image under the influence of national literary traditions and historical consciousness.

Keywords: heroism, patriotism, spiritual endurance, war prose, Ba Jin, Baurzhan Momysheuly, moral choice, national consciousness, hero image.

А.А. Туймебекова^{1*}, Н. Бирай², Р.М. Саламатова³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Университет Памуккале, Денизли, Турция

³Университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

*e-mail: atuymebekova@mail.ru

Героические нарративы в произведениях Ба Цзиня и Бауыржана Момышулы

В статье проводится сравнительный анализ героических нарративов в произведениях китайского писателя Ба Цзиня и казахского писателя Бауыржана Момышулы с позиций нарратологии и этической критики. В исследовании рассматриваются авторская позиция, система персонажей, форма повествования и художественные приёмы в изображении темы войны. Понятие героизма раскрывается не только через подвиги на поле боя, но и через внутреннее развитие героя, его духовные изменения и моральный выбор. В прозе Ба Цзиня героизм изображается в рамках социалистического реализма, где формируется образ коллективного героя, а патриотизм представляется как идеологический долг. В то же время в произведениях Бауыржана Момышулы на первый план выходит внутренняя дисциплина, воля и духовное совершенствование личности героя, что непосредственно связано с военным и педагогическим опытом автора.

В исследовании анализируются нарративные структуры, система символов и метафор в произведениях авторов, а также особенности художественного отражения национальной исторической памяти и культурных ценностей. Сравнительный подход позволяет выявить, как концепт героизма проявляется на стыке национальной идентичности и общечеловеческих ценностей в литературе Китая и Казахстана. В статье научно осмысливается процесс трансформации образа героя под влиянием национальных литературных традиций и исторического сознания.

Ключевые слова: героизм, патриотизм, духовная стойкость, военная проза, Ба Цзин, Бауыржан Момышулы, моральный выбор, национальное сознание, образ героя.

Кіріспе

Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлының шығармаларындағы батырлық бейнесін салыстырмалы түрде талдау – ұлттық бірегейлік, ұлттық намыс пен сананы қалыптастыру мәселелерін зерттеу тұрғысынан өзекті әрі маңызды тақырып. Екі қаламгер де өз туындыларында патриоттық идеяларды алға тартып, батырлық ұғымын тек әскери ерлікпен шектемей, оны рухани күшпен, азаматтық жауапкершілікпен және ұлттық бірлікпен тығыз байланыстырады.

Ба Цзиннің «Қайта қауышу» («團圓») романы Қытайдың тарихи кезеңін, атап айтқанда 1937–1945 жылдар аралығындағы жапон агрессиясы мен соғыс жылдарының шындығын терең сипаттайды. Бұл шығарманың ерекшелігі – соғыс жағдайындағы жауынгерлердің ішкі сезімдері мен отбасына деген ықыласына ерекше назар аударылуында. Автор соғыстың адамның жан дүниесіне әсерін суреттей отырып, ұлттық бірлік пен отаншылдықтың маңыздылығын алға тартады. Оның түсінігінде батырлық – бұл ең алдымен рухтың беріктігі мен елге деген адалдықты сақтай білу. Батыр бейнесі тек жаумен күресуші емес, елдің моральдық құндылықтарын ұстанушы тұлға ретінде де сипатталады (Ba Czin, 1995).

Ал Бауыржан Момышұлының шығармаларында батырлық образы көбінесе Отан қорғаушы ретінде бейнеленеді. Жазушы соғыс уақытындағы ерлікті ғана емес, сарбаздардың азаматтық борышына деген адалдығын, патриотизм мен халық алдындағы жауапкершілікті де айқын көрсетеді. Оның ойынша, батырлық – бұл тек әскери тапсырманы орындау ғана емес, сол тапсырманы атқару барысында адамгершілік қасиеттер мен рухани күшті жоғалтпау. Момышұлы үшін батырлық ұлт рухын сақтау мен қорғау идеясымен тығыз байланысты. Оның кейіпкерлері тәртіпті, жігерлі, ұлттық мінезі айқын тұлғалар болып суреттеледі. Осы арқылы автор шынайы патриотизм мен азаматтық жауапкершіліктің мәнін ашады.

Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы батырлық бейнесі терең адамгершілік пен патриотизмге негізделеді. Ба Цзин соғыс жағдайында ұлттық бірлікті нығайтуды мақсат етсе, Момышұлы ұлттық сана-сезім мен рухты арттыру мәселесіне ерекше мән береді. Екі жазушы да батырлықты тек сыртқы жаумен күреспен емес, ішкі рух пен ұлттық санаға деген адалдықпен байланыстырады. Егер Ба Цзин шығармаларында батырлық жау шапқыншылығына қарсы күресте көрінсе, Бауыржан Момышұлы үшін батырлық

– бұл ел алдындағы жауапкершілікті сезіну мен оны адал атқару.

Осылайша, екі қаламгердің де туындылары тарихи және мәдени контексте патриотизм мен батырлықтың көркем бейнесін жасап қана қоймай, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, ұлт тағдыры үшін күрес және соғыс шындығын жеткізу мәселелерінің өзектілігін ашады.

Методология және зерттеу әдістері

Мақалада концептуалды талдау әдісі қолданылды. Бұл тәсіл «батыр» ұғымының мәнін ашуға, сондай-ақ мәтін авторының дүниетанымын, тарихи кезең мен мәдени контексті зерделеуге мүмкіндік береді. Концептуалды талдау әдісі арқылы шығармалардағы негізгі ұғымдардың мағынасы мен олардың халықтың рухани және әлеуметтік құндылықтарымен байланысы анықталды. Бұл әдіс мәтіннің терең құрылымын ашуға, авторлардың көзқарастарын және оның шығармаларындағы батырлық бейнесін, сонымен қатар тарихи жағдайлар мен мәдени дәстүрлерді түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл әдіс арқылы халықтың рухани құндылықтары мен әскери санасын тереңірек түсіну мүмкін болды. «Батыр» ұғымы әр халықтың мәдениетінде өзіне тән ерекшеліктерге ие, сондықтан концептуалды талдау әдісі арқылы осы ұғымның әртүрлі мәдени мәтіндердегі көрінісін салыстыру және оның уақыт пен кеңістік аясында қалай өзгергенін зерттеу маңызды болды. Бұл әдіс сонымен қатар батыр бейнесінің тарихи дамуын, оның қоғамдағы рөлін және соғысқа қатысты моральдық ұстанымдарды талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Ба Цзин қарапайым жауынгерлер мен командирлердің бейнесі арқылы батырлықты тек физикалық ерлік ретінде емес, ішкі рух пен моральдық беріктіктің көрінісі ретінде сипаттайды. Оның шығармаларында батырлық адамның рухани әлемімен, қорқыныштары мен үміттерімен тығыз байланысты бейнеленеді. Соғыстың ауыр шындығы жағдайында азаматтық жауапкершілік пен Отанға деген адалдық – кейіпкердің шынайы батырлығын айқындайтын басты өлшемдер. Ба Цзин үшін батыр – бұл сыртқы қысымға төтеп беріп қана қоймай, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпайтын тұлға (Qian Liqun, 2023).

Ал Бауыржан Момышұлы батырлықты ұлттық мінез-құлықпен, тәртіппен және рухани беріктікпен ұштастырады. Оның әскери тәжірибесі мен әдеби шығармашылығы қазақ халқының жауынгерлік рухын, елге деген сүйіспеншілігін және қорғаушылық миссиясын айқын бейнелейді. Жазушының естеліктері мен повестері патриотизм, ерлік, жігер мен өмірлік ұстанымдар сынды ұлттың болмысын сипаттайтын құндылықтарға негізделген. Момышұлы үшін батырлық – бұл тек жау алдында қайсарлық таныту ғана емес, ұлттық рухты сақтау, қоғам алдындағы парызды терең сезіну және еліне адал қызмет ету.

Ба Цзиннің «Қайта қауышу» романында соғысқа қатысқан кейіпкерлердің өмірі қатігез әлеуметтік-саяси шындықтар аясында суреттеледі. Бұл туындыда батырлықтың жарқын мысалы ретінде басты кейіпкер бейнесі ұсынылады. Ол ауыр жеке шығындар мен моральдық азаптарға қарамастан, коммунистік революция идеалдарына адал болып қала береді. Осы арқылы автор батырлықты идеяға берілгендікпен және рухани тұрақтылықпен байланыстырады (Wang Yichuan, 2018).

Ба Цзин шығармаларында баяндау стилі жекелеген сезімдерге емес, кейіпкерлердің ұжымдық әрекеттеріне баса мән береді. Оның сюжеттері кейіпкерлердің қиындықтармен күресіп, рухани және моральдық таңдаулар арқылы батырлыққа жету жолын ашады. Мұндағы батырлық – тек қана физикалық күрес емес, болашақ ұрпақ үшін соғыс алаңында жасалатын моральдық шешім. Кейіпкер жеке бақыты мен Отан алдындағы борышының арасында күрделі таңдау жасауға мәжбүр болады. Ба Цзин батырлықты патриотизм мен идеологиялық адалдық тұрғысынан көрсетіп, жеке мүддеден бас тартып, халық пен революцияға қызмет ету ретінде сипаттайды. Оның кейіпкерлері соғысты трагедия емес, қасиетті борыш деп қабылдайды (Liu Zaifu, 2018).

Қазақ әдебиетіндегі «батыр» ұғымы – тарихи-мәдени эволюциядан өткен, терең философиялық мәнге ие құбылыс. Ол тек соғыс даласындағы ерлікпен ғана шектелмей, қоғамның рухани тірегі, ұлттық құндылықтардың сақтаушысы ретінде көрінеді. Батырлық – жеке ерліктен гөрі халықтың тағдырымен, қоғамдық санамен және ұлттық болмыспен сабақтас ұғым (Janwzakova, 2020).

Когнитивтік тұрғыдан батырлық бейнесі ақпараттық, эмоционалды және танымдық ком-

поненттерден тұратын кешенді жүйе ретінде қарастырылады. Ақпараттық компонент – батырдың өмірі мен нақты әрекеттеріне қатысты деректерді қамтыса, эмоционалды жағы – оның бейнесінің қоғамда тудырған әсері мен сезімдік қабылдауын сипаттайды. Танымдық компонент батырдың тарихи және мәдени контекстегі рөлін ашып көрсетеді (Gao Tian, 2017).

Батырдың әдеби бейнесі тарихи кезеңдерге сай өзгеріске ұшырап отырады. Алайда оның басты борышы – ұлттық сана мен рухты қалыптастыру, ұрпаққа өнеге болу. Ол – жауынгерлік ерліктің ғана емес, рухани беріктік пен ұлттық құндылықтардың көрінісі. Сондықтан әдебиеттегі батыр бейнесі ұлттың идеяларын, этикалық ұстанымдарын және тарихи мұрасын насихаттайтын күшке ие.

Зерттеуде ерекше назар аударатын маңызды аспектілердің бірі – Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы әйел кейіпкерлер бейнесі. Екі жазушы да әйелдерді ұлттық мораль мен рухтың тірегі, қоғамның тұрақтылығы мен болашағын сақтаушы ретінде бейнелейді. Олар тек майдандағы ерлерге серік қана емес, сонымен қатар отбасы мен ел бірлігінің рухани арқауы. Бұл кейіпкерлердің батырлығы сыртқы ерліктен емес, ішкі беріктік пен Отанға деген шексіз адалдықтан туындайды. Осылайша, екі жазушы да батырлықты рухани категория ретінде кеңейтіп, оны әйел бейнесі арқылы да терең сипаттайды.

Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы «батырлық» ұғымы дәстүрлі жауынгер бейнесінен әлдеқайда кең әрі терең мәнге ие. Мұндағы батыр – тек майдан даласында ерлік көрсеткен жауынгер ғана емес, сонымен бірге Отанға адал, әділетті, батыл, моральдық тұтастығы берік тұлға. Ол – ішкі рухани күшке, азаматтық жауапкершілікке ие кемел кейіпкер.

Когнитивті-лингвистикалық тұрғыдан алғанда, «батыр» концептісі нақты әрекеттермен ғана емес, оны қалыптастыратын мәдени құндылықтар мен тілдік бірліктер арқылы да сипатталады. Бұл ұғым қазақ халқының тарихи жады мен ұлттық болмысына терең тамыр жайған. Батырдың бейнесі рухани кемелдікпен ұштасып, жеке тұлғаның ішкі жан дүниесі, ерік-жігері мен моральдық ұстанымдары арқылы ашылады.

Момышұлы сомдаған кейіпкерлер – ұлт рухының, рухани бірліктің символы. Жазушы батырлықты ұрпақ тәрбиесінің өзегі, ұлттық болмысты сақтау жолындағы бағдар ретінде ұсынады. Оның кейіпкерлері бойындағы өз мүд-

десінен бас тарта білу, борышқа адалдық, әділдік пен сабыр сынды қасиеттер – уақыт пен кеңістіктен тыс, мәңгілік маңызын жоғалтпайтын құндылықтар. Мұндай бейнелер арқылы Момышұлы ерлік пен рухани кемелдікті тоғыстырып, батырлық ұғымын жаңа деңгейге көтереді.

Әдеби-когнитивтік және мәдени тұрғыда қарағанда, Момышұлы «батырлық» ұғымының шекарасын әскери ерлікпен шектемей, оны адамгершілік, гуманизм және азаматтық жауапкершілік арқылы кеңейтеді. Бұл ұстаным батыр бейнесін қазақ мәдениетінде көпқырлы, терең мазмұнды, ұлттық рухтың сақтаушысы ретінде орнықтырады. Момышұлының шығармаларында батырлықтың мәні ішкі моральдық күш пен азаматтық ұстанымдар арқылы көрініс табады. Ол үшін батыр – қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезінетін, ұлттық мүдде жолында өзін-өзі құрбан етуге даяр тұлға. Осылайша, батыр бейнесі қазақ әдебиетінде тек әскери ерліктің емес, рухани биіктіктің, этикалық мұраттардың символы ретінде қалыптасады. Бауыржан Момышұлының батырлық туралы көзқарасы ұлттық бірегейлікті сақтау процесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылады.

Бауыржан Момышұлының шығармаларында «батырлық» ұғымы әскери стратегия, ұлттық мәдени құндылықтар мен моральдық төзімділіктің үйлесіміндегі тұтас жүйе ретінде танылады. Бұл ұғым тек тарихи немесе көркем бейне деңгейінде ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің негізі ретінде де маңызға ие. Момышұлының туындылары – отансүйгіштік, азаматтық борыш пен рухани беріктік идеалдарын жеткізетін, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған маңызды әдеби мұра.

Ба Цзин шығармашылығында да батырлық ұғымы терең әрі мазмұнды бейнеленеді. Жапония агрессиясы мен Корей соғысы жылдарындағы оқиғалар, қытай еріктері армиясының ерлігі жазушыны терең толғандырған. Ба Цзин үшін соғыс – тек қақтығыс алаңы ғана емес, адамның ішкі рухани күйзелістері мен моральдық күресі көрінетін кеңістік. Ол кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін, олардың рухани беріктігін, адамгершілік пен әділеттілікке адалдығын суреттеу арқылы батырлықты тек физикалық ерлікпен емес, терең моральдық қасиеттермен байланыстыра көрсетеді (Dubkova, 2020).

Жалпы алғанда, Бауыржан Момышұлы мен Ба Цзин шығармаларында батырлық бейнесі – тек сыртқы ерліктің көрінісі емес, ең алдымен

ішкі рухани тұтастық пен азаматтық жауапкершілікпен ұштасқан ұғым. Екі автор да батырлықты жеке тұлғаның ұлт алдындағы борышы, әділеттілік пен адалдыққа негізделген этикалық

бағдар ретінде сипаттайды. Бұл көзқарас олардың әдеби мұрасын ұлттық сана мен бірегейлікті қалыптастыру мен сақтау жолындағы маңызды рухани ресурсқа айналдырады.

1-кесте – «Батыр» (қазақ) пен «英雄» (қытай) ұғымдарының салыстырмалы талдауы

Критерий	Қазақ мәдениетіндегі «Батыр»	Қытай мәдениетіндегі «英雄» (Йинсюн)
Негізгі мәні	Физикалық және рухани күш, ерлік, ұлттық болмыстың тірегі	Әлеуметтік әділет, мораль, қоғам игілігі жолындағы күрес
Тарихи рөлі	Елін, жерін қорғаған батырлар – сыртқы жауға қарсы тұрған қорғаушы	Империялық әділетті қорғаушылар, халықты зұлымдықтан құтқарушылар
Моральдық өлшемі	Ерлік, намыс, адалдық, ар-ұят	Өз-өзін тәрбиелеу, қоғаммен үйлесім, адалдық, тұрақтылық
Әдеби-көркем бейне	Эпостық жырлардағы батырлар: Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Ер Тарғын	Әдеби кейіпкерлер: Юэ Фэй (Ұлт батыры), Го Цзэцзин (Шекара сақтаушы), У Сун (батыр-қаһарман)
Философиялық негізі	Тәңірлік, ислам діні, жыраулар дүниетанымы	Конфуцийшілдік (адамгершілік), даосизм (күпия рухани күш), буддизм (өзін-өзі жеңу)
Мақсаты	Батырлық пен ерлік арқылы ел намысын сақтау	Қоғам үшін өзін құрбан ету, бейбітшілік пен тәртіпті сақтау
Қоғамдағы орны	Ұлт қаһарманы, халықтың мақтанышы	Қоғамның моральдық жолбасшысы, халықтың үлгі тұтатын тұлғасы
Тарихи тұлғалар	Бауыржан Момышұлы, Кенесары хан, Наурызбай батыр, Ағыбай батыр	Юэ Фэй, Линь Цзэсу, Сунь Ятсен, Дэн Сяопин (жаңа кезеңдегі қаһармандар)
Заманауи көрініс	Батырлар жыры мен ҰОС-тың қаһармандары, ерлікті насихаттау	Революциялық қаһармандар, қоғам үшін қызмет еткен тұлғалар (мысалы, Лэй Фэн – моральдық үлгі

Ба Цзин шығармаларында батырлық патриотизмнің өзегіне айналады, алайда ол тек сыртқы жауға қарсы күрес немесе әскери ерлікпен шектелмейді. Мәселен, оның «Қайта қауышу» романында батырлық ұғымы ұлтты ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғауға деген рухани ұмтылыспен сипатталады. Романның басты кейіпкері шайқасқа тек жеңіс үшін емес, ең алдымен, өзінің жан дүниесін сақтап қалу үшін қатысады. Ба Цзиннің айтуынша: «Ұлы батыр – шайқаста жеңіске жеткен адам емес, соғыстың ортасында өзінің жанын жоғалтпаған адам». Бұл тұжырым оның кейіпкерлерінің ішкі рухани қуаты мен ұлттық патриотизмін айқындайды (Eremkina, 2019).

Ба Цзин прозасында әйел кейіпкерлердің бейнесі де ерекше орын алады. Жазушы оларды соғыс жағдайында отбасылық құндылықтар мен моральдық қағидаларды сақтап қалатын рухани тірек ретінде бейнелейді. Әйелдер тек соғыстың құрбаны ғана емес, сонымен қатар қоғамның моральдық негізін нығайтушы тұлғалар ретінде

суреттеледі. Бұл тәсіл арқылы автор қытай әдебиетінде әйелдердің қоғамдық өмірдегі маңызын тереңдетіп көрсетеді.

Бауыржан Момышұлы шығармашылығында батырлық ұғымы тек әскери ерлікпен шектелмей, терең рухани мазмұнға ие моральдық жауапкершілікпен ұштасады. Жазушының кейіпкерлері – ел мүддесі үшін күрескен, азаматтық борышты жоғары қойған тұлғалар. Оның «Үшқан ұя» мен «Өмір мен өлім» шығармаларында батырлық көбіне ішкі рухани сынақтар мен адамгершілік таңдаулар арқылы көрініс табады. Батырлық мұнда физикалық күш емес, жанның беріктігі, рухтың төзімділігі ретінде сипатталады.

Момышұлының прозасында әйел бейнесі де ерекше орын алады. Мәселен, «Өзеннен өтем» туындысында әйелдер батырларға рухани тірек, моральдық күш пен ұлттық сананың сақтаушысы ретінде бейнеленеді. Олар аналық мейірім мен ұлттық мұрат арасындағы үйлесімді байланысты білдіреді. Осылайша, жазушы әйел бейне-

сін батырлықтың ішкі моральдық құрылымымен тығыз байланыстыра отырып, қоғамның рухани тірегі ретінде ұсынады (Akhmetova, 2024).

Ба Цзиннің прозасында батырлық нарративі классикалық қаһармандық құрылымға негізделген. Мысалы, Ван Чэннің бейнесі «жолсілтеуші» батыр ретінде көрініс табады. Оның ерлігі сыртқы әрекеттен гөрі, ішкі трансформация мен моральдық шешімдерге негізделеді. Автор нарративте символдық бейнелер, қайталау және әсірелеу тәсілдерін қолдана отырып, батырлықты өзін құрбан ету арқылы сипаттайды. Ван Чэннің: «Жеңіс үшін маған оқ жаудырыңдар!» деген сөзі – шынайы рухани батырлықтың көрінісі. Бұл эпизодта батырлық ұлт мүддесі үшін жанын құрбан етуге дайын моральдық күш ретінде ұсынылады.

Ба Цзин шығармаларында патриотизм – бұл тек әскери міндет емес, адамгершілік пен моральдық таңдау. Этикалық сын тұрғысынан, патриотизм мен азаматтық жауапкершілік ұғымдарын қарастырғанда, Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы шығармаларында айқын айырмашылықтар байқалады. Момышұлы шығармаларында патриотизм әскери міндетті орындау мен тәртіпке негізделеді. Оның шығармалары батырлықтың шынайы өмірлік жағдайларға байланысты екенін және жеңіске жету үшін жеке жауапкершіліктің маңыздылығын көрсетеді. Мысалы, «Үшқан ұя» шығармасында батырлық пен патриотизм идеалдандырылмайды, керісінше, бұл ұғымдар күнделікті өмірде әрекет ету қажеттілігінен туындайды.

Патриотизм мен батырлық: Қытай және Қазақ әдебиеттеріндегі айырмашылықтар

Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлының шығармашылығындағы патриотизм мен батырлықтың бейнеленуіндегі айырмашылықтар олардың мәдени және тарихи контекстерінен туындайды. Қытай әдебиетінде патриотизм жиі ұжымдық мүдде мен ішкі рухани жаңғырумен байланысты болса, қазақ әдебиетінде жеке тұлғаның жауапкершілігі мен ар-ождандық таңдауы көп жағдайда басым болады. Қытайдағы патриотизм, әсіресе Ба Цзиннің шығармаларында, ұлт мүддесіне қызмет етудің моральдық актісі ретінде көрінеді. Ал қазақ әдебиетінде батырлық, мысалы, Бауыржан Момышұлы шығармаларында, көбінесе нақты жағдайлар мен күреске негізделген.

Ба Цзиннің «Қайта қауышу» романы мен «Батыр балалар» фильмінде соғыс пен адам жанының терең иірімдері шынайы сипатталады.

Кейіпкерлері – мінсіз емес, бірақ ішкі күмән мен шешім арқылы батырлыққа жеткен шынайы тұлғалар. Ван Чэннің «Мені көздеп оқ жаудырыңдар!» деген сөзі – рухани биіктіктің, Отан алдындағы адалдықтың көрінісі. Нарратология мен этикалық сын тұрғысынан қарастырғанда, бұл шығармаларда батырлық – ішкі жауапкершілікті қабылдаумен тығыз байланысты процесс.

Бұл тәсіл Бауыржан Момышұлы шығармашылығымен үндес. Оның кейіпкерлері де сыртқы ерлікпен емес, ішкі моральдық жауапкершілікпен дараланады. «Арпалыс» пен майдан жазбаларында батырлық – тәртіп, парасат және ұлттық рухпен тікелей байланысты. Әйел кейіпкерлер бейнесі екі авторда да ерекше мәнге ие. Ба Цзин әйелдердің үнсіз ерлігін – мейірімділік, төзімділік және рухани тірек болу арқылы ашады. Ван Фанның бейнесі – соның айғағы. Момышұлы да әйелдердің отбасылық жауапкершілігін ұлттық парыз деңгейіне көтереді.

Осылайша, екі жазушы батырлықты тек майданмен шектемей, рухани, моральдық, азаматтық өлшемде көрсетеді. Қаһармандықты бейнелеу тәсілдерінде айырмашылықтар болғанымен, олардың шығармаларындағы адамгершілік пен ұлттық рух идеялары қазіргі қоғам үшін де өзекті күйінде қала береді.

«Қайта қауышу» романындағы ең әсерлі эпизодтардың бірі – солдаттың отбасы мүшелерімен майданға аттанар алдындағы қоштасу сәті. Бұл көрініс арқылы Ба Цзин патриотизм мен эмоциялық жанқиярлықтың тоғысын береді. Қоштасу сәтінде үміт пен үрей, махаббат пен парыз қатар жүреді. Бұл – жауынгердің ішкі әлеміндегі арпалысты және оның ерлік жолын саналы түрде таңдағанын көрсетеді. Ол отбасынан, жеке бақыты мен амандығынан саналы түрде бас тартып, Отан алдындағы борышын бірінші орынға қояды.

Мұндай көріністер романның ұлттық рухты дәріптеу жолындағы көркемдік стратегиясын көрсетеді. Автор соғысты шыншыл, ауыр, қасиетті құбылыс ретінде суреттей отырып, батырлықты мифке айналдырмай, керісінше, адам болмысы мен моральдық шешімдер арқылы ашады. Бұл тәсіл – қазіргі оқырманды патриотизм ұғымына жаңаша қарауға, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы байланысты қайта бағамдауға жетелейді (Akhmetova, 2024).

Жоғарыда айтылған сарбаздың өз позициясынан бас тартпай, өміріне қауіп төнсе де, әскери тапсырманы орындауды бірінші орынға қоюы – романдағы ерліктің ең биік көріністерінің бірі.

Бұл эпизодтарда патриотизм тек ұран емес, жеке шешім мен моральдық биіктіктің нәтижесі ретінде бейнеленеді.

Ба Цзин әсірелеуден гөрі реализмге сүйеніп, батырлықты қасірет пен сезім, психологиялық арпалыс аясында ашуды мақсат етеді. Ол ішкі эмоциялық қозғалыс, адами шешім, және рухани таңдаулар арқылы ерліктің адамдық өлшемін ұсынады (Janwzakova, 2020).

Осы тұрғыдан алғанда, Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы батырлық бейнелердің негізінде ұлтқа қызмет ету идеясы жатыр. Бұл қызмет тек қару алып жауға қарсы тұру ғана емес, рухани беріктік, моральдық жауапкершілік пен адамгершілік биігінен көрінеді. Екі жазушы да кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне терең үңіліп, олардың ұлт алдындағы борышын түсінуі мен сол жолдағы жан азабын көркем суреттейді. Мысалы, «Қайта Қауышудағы» Лин Дауэй мен Ли Суюн – өз тағдырындағы қайғыға қарамастан, моральдық тазалығы мен Отанға деген адалдығын сақтайтын бейнелер. Бұл ішкі батырлық Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы кейіпкерлерден – әсіресе оның «Үшқан ұя» және «Артымда қалған сөз» еңбектерінен де көрініс табады. Ол жауынгер психологиясын, жауға қарсы тұрудағы рухани қуатты дәл суреттейді.

Сонымен қатар, Ба Цзин мен Момышұлы екеуі де кейіпкерлерін ұлт болмысының айнасы ретінде қолданады. Олар үшін батыр – тек физикалық тұрғыдан күшті емес, ең алдымен, рухани төзімді, отансүйгіш адам. Бұл ұстанымдар арқылы екі қаламгер де ұлттық әдебиеттің тәрбиелік, азаматтық міндетін атқарып отыр. Қоғамдық өзгерістер кезеңінде туған бұл туындылар ұлт бірлігін, азаматтық рухты бекемдеуге бағытталған.

Шығармаларда суреттелген тарихи контекст пен көркемдік тәсілдер де бір-біріне ұқсас. Ба Цзин реализм әдісімен трагедиялық жағдайларды ішкі психологиямен сабақтастырып берсе, Бауыржан Момышұлының прозасы мен публицистикасы да шынайылықты, деректілік пен көркем бейнелеуді үндестіре біледі. Бұл тұрғыда екі жазушы да оқырманға әсер етудің, ұлтты рухтандырудың эстетикалық және идеологиялық тәсілдерін шебер қолданған деуге болады.

Ба Цзин кейіпкерлерінің ішкі сезім әлемін терең сипаттау арқылы соғыс шындығын тек сыртқы көрініс ретінде емес, жан арпалысы, рухани тозақ ретінде көрсетеді. Қоштасу сәті, таңдау алдындағы күйзеліс, қорқыныш пен үміттің күресі – мұның бәрі кейіпкердің жан дүниесінде-

гі патриотизмнің қалай қалыптасатынын ашады.

Бұл тәсіл Бауыржан Момышұлының «Артымызда Москва» және «Бір түнгі оқиға» шығармаларымен де үндеседі. Онда да батырлық – адам психологиясының сынақтан өтуі, ішкі қорқынысты жеңу арқылы қалыптасады. Осылайша, екі автор да эмоционалдық драматизм арқылы соғыс адамының ішкі болмысын көркемдейді (Smagulov, 2024).

Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы – екеуі де өз ұлтының тарихи жадын көркем тілмен сөйлеткен жазушылар. Ба Цзин дәстүрлі қытай прозасына тән шынайы психологиялық бейнелеу тәсілін қолданса, Бауыржан Момышұлы қазақ фольклорының шешендік тілі мен жауынгерлік философиясын өз шығармаларына енгізген. Екі автор да минимализмге ұмтылып, көркемдік әсірелеуден аулақ болады, бұл – олардың шығармаларына шынайылық пен эмоционалдық күш береді.

«Қайта қауышудағы» отбасы мен мемлекет арасындағы символикалық байланыс – дәстүрлі қытай философиясындағы *цзягуо* («отбасы – мемлекет») концепциясына негізделген. Ба Цзин бұл идеяны көркем эпизодтар арқылы дамыта отырып, ұлттың моральдық тірегі отбасыда екенін көрсетеді. Бұл құрылым Момышұлы шығармаларындағы «отбасы тәрбиесі – жауынгерлік рухтың негізі» деген идеямен тікелей үндеседі.

Момышұлы өз туындыларында соғыс жағдайындағы адам психологиясын, қорқыныш пен үміттің, шешімділік пен сенімнің күрделі байланысын көркем әрі нақты сипаттайды. Оның бейнелеген сарбаздары да Ба Цзиннің кейіпкерлері секілді идеалданған қаһарман емес – олар тірі, шынайы, сезімтал адамдар. Алайда ең қиын сәтте де өз борышын орындауға дайын тұратын рухы мықты азаматтар. Бұл тұрғыдан алғанда, Момышұлы шығармаларында батырлық тек бір сәттік ерлікпен емес, күнделікті тәртіп пен сабырлы төзіммен өлшенеді.

Сонымен қатар, Момышұлының жазбаларында ұлттық рух пен жауынгерлік ар-намысты сақтау мәселесі ерекше орын алады. Ол үшін тәрбие – шешуші фактор. Командирдің міндеті – тек бұйрық беру ғана емес, сарбазды тұлға ретінде қалыптастыру, оған дұрыс бағыт-бағдар беру. Осы орайда оның «тәртіп – жауынгердің ең мықты қаруы» деген қағидасы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ (Zhusupova, 2022).

Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы үндестік тек патриоттық тақырып-

пен шектелмейді. Екеуі де ұлттық болмысты, отбасылық жауапкершілік пен адамгершілікті, ішкі рухтың күшін бірдей маңызда қарастырады. Ба Цзин ұлттық бірлікті отбасы образы арқылы бейнелесе, Момышұлы оны әскери ұжым, жауынгерлік бауырластық арқылы түсіндіреді. Екі жазушы да өз халқының болашағы мен рухани тұтастығын сақтаудың басты шарты – тәрбие мен жауапкершілік екенін көрсетеді.

Бауыржан Момышұлының еңбектері – әскери мемуар немесе деректі туындылар ғана емес, сонымен қатар ұлттық мінез-құлық пен рухани болмысты бейнелейтін әдеби-философиялық дүние. Оның шығармаларында көтерілген мәселелер бүгінгі қоғам үшін де өзекті: тәртіп пен мораль, азаматтық жауапкершілік пен отаншылдық, ерлік пен адамгершілік сияқты ұғымдар қазіргі жастарға бағыт-бағдар беретін темірқазыққа айналуы тиіс.

Соғыс тақырыбын ашуда жазушы оқиғаның сыртқы сипатына емес, ішкі мазмұнына – адамның психологиялық күйіне, рухани арпалысына ерекше мән береді. Бұл бағытта оның ой-тұжырымдары әлемдік әскери прозаның классиктерімен үндесіп жатады. Мысалы, Эрнест Хемингуэй немесе Ремарк шығармаларындағы кейіпкерлердің ішкі күйзелісі мен адамгершілік ізденістері Бауыржан Момышұлының кейіпкерлерінің жан дүниесімен үндесіп жатады. Алайда қазақ жазушысы өз ұлттық болмысы мен қазақ жауынгерінің мінезін айқын көрсету арқылы бұл тақырыпқа өзіндік рең береді.

Сонымен бірге, Бауыржан Момышұлының идеялары қазіргі Қазақстан қоғамында патриоттық тәрбие беру үдерісіне ғылыми-әдістемелік негіз бола алады. Оның шығармаларындағы тәлімдік тұжырымдарды мектеп бағдарламалары мен әскери дайындық курстарына, жоғары оқу орындарының тәрбиелік іс-шараларына енгізу – жастардың рухани иммунитетін нығайтудың бір жолы. Себебі, Момышұлы ұсынған ерлік үлгісі – жалаң ұран емес, нағыз жауапкершілік пен тәртіпке негізделген шынайы құндылықтар жүйесі.

Екінші батальон командирі телефонмен хабарлады:

– Бізде тек жеті адам қалды. Не істеймін?

– Үйге қайт деп айта алмаймын. Жеті адамыңды алып, Мұхамедкүлдың қатарына қосылып, он адамдық топпен шайқасуды жалғастыр, – дедім мен.

Жиырма минуттан кейін үшінші батальон командирі қоңырау шалды:

– Мен жалғыз қалдым. Не істеймін?

– Егер жалғыз болсаң, мылтықты алып, Мұхамедкүлдың құрамына қосылып, қатардағы сарбаз ретінде шайқас, – дедім мен.

– О, құдайым, қалай менің беделім осыншалықты түсіп кетеді? Мен капитан едім. Сен мені жас лейтенанттың басшылығына жібердіңіз, – деді ол (Nurmukhanbetova, 2022).

Соғыс – адам өміріндегі ең ауыр әрі шешуші сынақтардың бірі. Оның барысында адам табиғатының терең иірімдері, моральдық және психологиялық болмысы айқын көрініс табады. Бұл ретте Бауыржан Момышұлының шығармалары көшбасшылық, батырлық пен отаншылдықтың мәнін ашып көрсететін маңызды әдеби және тарихи дереккөз болып табылады.

Жазушының шығармаларында соғыс кезінде басшының жедел әрі дұрыс шешім қабылдау қабілеті ерекше маңызға ие. Бұл шешімдердің артында мыңдаған жауынгердің тағдыры жатқанын автор нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Әсіресе «Сарбаз тұлғасы» мен «Арпалыс» (Күрес) сияқты шығармаларда командир мен жауынгердің рухани бейнесі, олардың ішкі психологиялық күйі мен моральдық таңдауы терең сипатталады. Момышұлы батырлықты тек физикалық ерлікпен емес, шешім қабылдаудағы дәлдікпен, табандылықпен және адами қасиеттермен байланыстыра суреттейді. «Соңғы тамшы қанымызға дейін күресу» қағидасы автор шығармаларында ел қорғау жолындағы қайсарлық пен мақсаткерліктің символына айналады. Жазушы бұл идея арқылы әрбір азаматтың Отан алдындағы жауапкершілігін арттыруды мақсат етеді. Соғыс жағдайында моральдық тұрақтылық пен рухани төзімділік – сарбаздың басты қаруы ретінде көрсетіледі. Мысалы, Мұхамедкүл бейнесі арқылы ерлік пен борышты адал атқару идеалы көрініс табады. Оның ерлік істері тек тарихи факті ретінде емес, тәрбиелік-рухани бағдар ретінде ұсынылады (Bauyrzhan Momyshuly, 2011).

Мәселен, «Жас гвардия» шығармасында Момышұлы өз Отанын қорғау үшін соғысып жүрген жас сарбаздардың өмірін сипаттайды. Романның кейіпкерлері соғыстың сынақтарынан өтіп, туған жерлерін қорғаудан бастап, ар-намыс пен борыш туралы ішкі ойлармен аяқтайды. Момышұлы бірінші жақтан баяндау элементтерін қолдана отырып, солдаттардың жеке сезімдерін тереңірек көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл оқырманға кейіпкерлермен байланыс орнатуға және олардың ішкі күресін сезінуге жағдай жасайды. Патриотизм мен батырлық тұрғысынан

Момышұлы әр кейіпкердің жеке жауапкершілігіне баса назар аударады. Бұл оның моральдық таңдауларында, яғни борыш пен жеке сезімдер арасындағы таңдауда көрініс табады. Мысалы, кейіпкер физикалық және моральдық сарқылудан қарамастан, өз Отанын және жақындарын қорғау үшін күресті жалғастыруды шешеді, бұл оның батырлығын және патриотизмін айқындайды (Tileuberdiev, 2006).

«Қазақтар» шығармасында Момышұлы әскери тәртіп пен стратегияға ерекше назар аударады. Батырлық мұнда соғыстағы мақсатты әрекеттер ретінде сипатталады, негізгі мотивтер – туған жер мен отбасын қорғау. Автор кейіпкерлердің іс-әрекеттерін әскери логика тұрғысынан сипаттайды, мұнда әр қадам мен шешімнің практикалық маңызы бар. Батырлық көп жағдайда соғыс жағдайында есепті, мұқият шешімдермен байланысты. Патриотизм бұл шығармада моральдық борыш ретінде қарастырылады, мұнда әр кейіпкер өз халқын қорғаудағы рөлінің маңыздылығын түсінеді. Кейіпкерлердің ішкі сезімдері абстрактылы идеалдар үшін өзін құрбан ету емес, туған жерді қорғау қажеттілігімен байланысты (Momyshuly, B., 2002).

Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы шығармаларында батырлық жеке сезімдер мен рухани сынақтарды маңызды етіп көрсеткенімен, мәдени және тарихи айырмашылықтар нарративтік стратегиялар мен акценттерге әсер етеді. Қытай әдебиетінде сол кезеңде батырлық көбінесе ұжымдық құндылықтар арқылы беріледі, мұнда халыққа және революцияға қызмет етуге басымдық беріледі. Ал қазақ әдебиетінде батырлық жеке ерлікке, жеке тұлғаның өсуіне, әскери машықтарға және туған ел мен халыққа ішкі борышты сезінуге негізделеді. Осылайша, зерттеу ұлттық дәстүрлердің, тарихи тәжірибенің және әдеби стильдердің Қытай мен Қазақстанның көркем прозасындағы батырлар бейнесі мен патриотизм концепциясын қалыптастыруда қалай әсер ететінін көрсетеді. Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы батыр бейнесі олардың елдеріндегі тарихи және мәдени шындықтарды айқын көрсетеді, бұл олардың шығармаларын сол кезеңнің әдеби дәстүрлері мен идеологиялық құндылықтарын түсінуге маңызды көздер етеді (Ba Cin', 1997).

Момышұлының әскери стратегиялары мен тактикасында оның қорқынышпен күрес пен сарбаздарды моральдық тұрғыдан дайындаудың маңызы ерекше мәнге ие. Мысалы, күрес психологиясы туралы сөйлегенде, Г. Лейвинсонның

адам мінезі мен соғыс жағдайындағы әрекеттері туралы теориялары бойынша Момышұлы да өз сарбаздарын тек қана физикалық емес, психологиялық тұрғыдан да дайындалуына ерекше мән берген (Momyshuly, B., 1987).

Автордың азаматтық міндет пен патриотизм туралы ойлары қазіргі жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үшін маңызды болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі қоғам мен соғыс туралы көзқарастардың бір-біріне сәйкес келуі тұрғысынан талдаулар жасалуы тиіс. Бұл тұрғыда қазіргі жастардың патриотизм туралы түсінігін және олардың азаматтық міндеттерге қатынасын көрсету үшін, қоғамның өзгерген құндылықтарымен салыстыру өте маңызды.

Ол соғыс өнерін меңгеруде тек тактикалық дағдылармен шектеліп қалмай, оны моральдық беріктікпен ұштастыруды маңызды санады. Мысалы, артиллерия мен әскери тактиканы меңгеру жолында ол үнемі қосымша әдебиеттерді зерттеп, тәжірибелік оқуларға белсене қатысқан. Бұл оның офицер ретінде тактикалық шешім қабылдауда теориялық білімге сүйенгенін және оны тәжірибемен ұштастырғанын дәлелдейді. Момышұлының пікірінше, нағыз әскери басшы тек бұйрық беруші ғана емес, моральдық үлгі көрсету арқылы сарбаздардың рухын көтеруші тұлға болуы тиіс.

Момышұлы батальон командирі ретінде әскери бөлімнің даярлығына ерекше назар аударған. Оның көзқарастары Кеңес армиясының тәрбие жүйесімен үндесе отырып, ұлттық болмыс пен рухани мұрамен де сабақтасты. Бұл арада Панфилов мектебінің идеологиялық және тактикалық ықпалы ерекше рөл атқарғаны анық. Генерал Панфиловтың: *«Егер әскери дайындық қиын болса, соғыс жеңіл болады»* деген сөзі Момышұлы үшін негізгі қағидаға айналды. Аталған қағиданың мәнін ол Талғардағы шілде жаттығулары арқылы нақты іске асырды. Бұл жаттығулар сарбаздардың тек физикалық шынығуына ғана емес, сонымен қатар психологиялық бейімділігін арттыруға бағытталған болатын.

Мысалы, 50 шақырымдық марш, далалық жағдайда тағам әзірлеу, тіпті күйген ботқаны жеу сияқты тәжірибелер сарбаздарға соғыс кезіндегі төзімділік пен ішкі тәртіпті сіңіруге мүмкіндік берді. Бұлар әскери педагогикада «экстремалды ортаға бейімдеу» ұғымымен байланыстырылады. Сонымен қатар әскери киімді дұрыс кию, граната белбеуін тәртіппен тағу сияқты ұсақ-түйекке мән беру – әскери өмірдің ішкі мәдениеті

мен жүйелілігінің көрінісі. Бұл – Момышұлы қалыптастырған жауынгердің үлгісі.

Бауыржан Момышұлының көзқарастары Кеңес армиясы шеңберінен тысқары, қазақтың дәстүрлі батырлық ұғымымен тығыз байланыста болған. Ол әскери патриотизмді ұлтқа қызмет ету, намыс пен жауапкершілік категорияларымен ұштастырды. Бұл идеялар оның көркем-публицистикалық еңбектерінде де кеңінен көрініс тапты. Әскери дайындықты азаматтық сана мен моральдық төзімділіктің мектебі ретінде қарастырып, ол Батыс әскери ойшылдары К. Клаузевиц пен Сунь Цзыдің «соғыс – адам рухының сынағы» деген идеяларымен үндеседі.

Момышұлының әскери білім мен тәрбиеге қатысты көзқарастары практикалық тәжірибеге, әскери философия мен ұлттық құндылықтарға негізделген жүйелі концепция болып табылады. Бұл көзқарастар бүгінгі Қазақстан армиясы үшін де өзектілігін жоғалтпаған, өйткені олар жастарды патриотизм мен тәртіпке тәрбиелеудің тиімді моделі ретінде қабылданады.

Бұл тұрғыда оның әскери өмірі мен шығармаларында көрініс тапқан батырлық пен патриотизмді нарратологиялық және этикалық тұрғыдан талдау маңызды.

Момышұлының әскери өмірі көбіне бірінші жақтан баяндалады, бұл оның қаһармандық бейнесіне шынайылық береді. Баяндаушы ретінде өзінен бастап, оқырманға патриоттық сезімді сенімді түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Оның өмірлік жолы Кэмпбеллдің «қаһарман сапары» моделіне сай келеді: соғыс басталу, әскери сынақтар мен қиындықтар, сарбаздарды үйрету мен тәртіп орнату, моральдық тұтастықпен оралу. Бұл схема Момышұлының образын тек батыр ретінде емес, сонымен қатар моральдық ұстаз, идеологиялық бағыт беруші ретінде де танытады.

Қытай әдебиетінде, әсіресе социалистік реализм дәуірінде батыр бейнесі көбінесе идеологияны насихаттауға бағытталған. Бұл кейіпкердің ішкі дүниесі мен моральдық күмәндерін көлеңкеге қалдырып, сыртқы ерлікке басымдық беріледі. Ал Момышұлының шығармаларында батырлық ішкі ұстанымдарға негізделеді, бұл – прагматикалық және тәжірибелік көзқарастың белгісі. Мысалы, қарапайым жаттығулар – киімді дұрыс кию, граната тасу, өз тамағын өзі істеу – тәртіп пен төзімділіктің көрінісі ретінде ұсынылады. Мұнда батырлық тек «үлкен істер» арқылы емес, күнделікті еңбек пен ішкі тәртіп арқылы көрінеді.

Бауыржан Момышұлы сарбаз дайындау ісінде физикалық шынығумен қатар, психологиялық және рухани тұрақтылыққа да ерекше назар аударды. Оның көзқарасы әскери дайындықты тек жаттығулар кешені ретінде емес, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру алаңы ретінде бағалайды. Солдатты қорқыныштан ада, ел алдындағы борышын абыроймен атқаруға ұмтылатын тұлға ретінде тәрбиелеу – Момышұлы философиясының өзегі. Оның: *«Өлімге емес, өмір сүруге ұмтылу керек»* деген қағидаты – сарбаздың басты өмірлік ұстанымы болуға тиіс екенін білдіреді. Бұл қағида Жан-Поль Сартр мен Альбер Камюдің адам өмірінің мәні мен ерік таңдауына қатысты тұжырымдарымен үндесіп жатыр, яғни тұлға қорқынышты мойындай отырып, соған қарсы күрес арқылы өзін анықтайды (Campbell, 1999).

Батырлық – Момышұлы үшін кездейсоқ ерлік емес, күнделікті тәртіп пен моральдық жауапкершіліктің нәтижесі. Ол үшін жеңіс – тек соғыстың нәтижесі емес, моральдық қанағат пен ұжымдық жадыны күшейту. Бұл көзқарас батырлықты ритуалдандыру емес, тарихи сананы жаңғырту амалы ретінде көрінеді. Бауыржан Момышұлының әскери тактикалары мен рухани-психологиялық тәлімдері заманауи әскери білім беру жүйесіне үлгі бола алады. Оның соғыс туралы ұстанымдары тек әскери ғылымға ғана емес, этика мен антропологияға да қосқан үлесі ретінде бағалануы тиіс.

Оның басқару стилі сарбаздардың моральдық-психологиялық жай-күйін жіті бақылауға негізделді. Командир ретінде ол сарбаздардың көзқарасынан олардың ішкі күйін – сенімі мен қобалжуын, батылдығы мен дайындық деңгейін анықтай білді. Бұл оның командалық қабілетінің бірегейлігін көрсетіп, сарбаздарға деген сенім мен өзара құрметтің негізінде қабылданған шешімдердің тиімділігін дәлелдеді.

Момышұлының пікірінше, батырлық – жеке ерліктен ғана емес, ортақ мақсатқа бағытталған ұжымдық ерік-жігерден туындайды. Ол үшін нағыз ерлік – Отан алдындағы борышты адал атқару, ұжыммен бірлесе әрекет ету, қиын сәттерде бой көрсететін табандылық пен сенім. Батырлықтың шыңы – Отанға қызмет ету, бұл қағида оның әскери-философиялық көзқарасының өзегін құрайды. Сондықтан Момышұлының есімі тек соғыс тарихында ғана емес, бүкіл әлемде батырлық пен ерліктің символы ретінде мәңгілікке орнықты.

Оның әскери стратегиясы мен тактикалық тәсілдері тек Кеңес армиясында ғана емес, қазір

гі Қазақстанда да бағаланып, әскери оқу орындары мен зерттеулердің негізгі нысанына айналды. Бауыржан Момышұлы тек майдангер ғана емес, ұлтына адал қызмет еткен тұлға ретінде де құрметке ие болды. Оның әскери ой-тұжырымдары мен өмірлік философиясы бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Қазақ мәдениетіндегі «батыр» ұғымын зерттеген ғалымдар – Д.С. Лихачев, З.С. Ергубекова және Б.М. Тілеубердиев еңбектерінде батырлықтың күрделі әрі терең мазмұнға ие екені көрсетіледі. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында батырлық тек ерлік әрекеттермен ғана емес, адамгершілік, әділет, жауапкершілік сияқты құндылықтармен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Бауыржан Момышұлының әскери өнері мен тактикалық шеберлігі қазақ халқының ұлттық батырлық концепциясына толық сай келеді. Оның мұрасы – рухани тірек, ұрпаққа үлгі.

Бауыржан Момышұлы мен Ба Цзин шығармаларындағы батырлық концепті – әр халықтың тарихи санасы мен рухани құндылықтарын бейнелейтін маңызды көркемдік-идеялық категория болып табылады. Екі автордың да туындылары батырлықты тек соғыс жағдайындағы жауынгерлік ерлік ретінде ғана емес, одан әлдеқайда кең – адамгершілік, рухани беріктік, азаматтық жауапкершілік және ұлттық бірлік ұғымдарымен тығыз байланыстыра отырып суреттейді.

Ба Цзин үшін батырлық – ұлттық қиындық сәтінде адами болмысты сақтап қалу әрекеті. Оның «團圓» («Қайта қауышу») атты повесінде қаһармандық ерлік майданда емес, моральдық таңдау деңгейінде жүзеге асады. Жазушы кейіпкерлері арқылы рухани тазалық, ұлттық бірлік, отбасылық махаббат пен мемлекеттілік идеяларын көтереді. Оның бұл концепциясы Қытай гуманистік философиясымен, әсіресе Конфуцийлік және Даосизмдік дүниетаныммен астасып жатады.

Екі автордың туындыларындағы батыр бейнелерін салыстырмалы түрде қарастырғанда, батырлық ұғымының тек ұлттық емес, әмбебап сипат алатыны айқын көрінеді. Батырлық – бұл ұлтты сақтау, тарихи сабақтастықты жалғастыру мен адамгершілік мұраттарды ұрпаққа жеткізу құралы ретінде ұсынылады. Бұл орайда Ю.М. Лотманның «мәдени код» концепциясы мен А.Эткиннің «постжад» теориясын қолдану орынды. Батырлық бейнесі – ұлттық мәдениеттің жадысында сақталған идеологиялық арна, ал

жазушылар осы арнаны көркем мәтін арқылы қайта жаңғыртып, оқырманмен рухани диалог құрады (Booth, 1998).

Бауыржан Момышұлы мен Ба Цзин кейіпкерлері – тарихи шындықпен бетпе-бет келген, алайда адамгершілік ұстанымынан айнымаған тұлғалар. Бұл батырлар – әлеуметтік-кәсіби статусы немесе ұлтына қарамастан, тарихи сын сағатта өз рухани тұтастығын сақтай білген ұлы бейнелер. Олар ерлікті тек қару ұстаумен емес, шындықты айту, халықты ояту және өз болмысын жоғалтпау арқылы дәлелдейді. Бұл – бүгінгі күннің жас ұрпағына үлгі боларлық универсалды құндылық.

Қорытынды

Бауыржан Момышұлы мен Ба Цзин шығармаларындағы батырлық бейнесі – тек тарихи жағдайлардың көркем шежіресі ғана емес, рух пен ерліктің, ұлт жады мен адамгершілік идеяларының тоғысқан тұғыры. Бұл бейнелер – әр халықтың ар-намыс, борыш пен жауапкершілік туралы терең философиялық түсінігінің көрінісі. Әрбір жазушы өз заманы мен ұлтының рухани сұранысына жауап беріп, әдеби тілмен тарихи сананы тірілтіп, ұрпаққа өнеге ұсынған рухани көшбасшы деңгейіне көтерілген.

Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы батырлықты бейнелеуде түрлі нарратологиялық және этикалық ұстанымдарға сүйенеді. Ба Цзин прозасында батырлық – ұжымдық сана, қоғам алдындағы құрбандық, революциялық идеяларға адалдық арқылы көрініс тапса, Момышұлы туындыларында ол – жеке тұлғаның ішкі кемелденуі, тәртіпке адалдық және ұлт алдындағы моральдық жауапкершілік арқылы сипатталады. Бұл айырмашылықтар тек авторлық стильден ғана емес, сонымен қатар екі халықтың тарихи тәжірибесі мен мәдени кодтарынан бастау алады.

Нарративтік деңгейде Ба Цзин батыр бейнесін эпикалық стильде, идеологиялық символика арқылы құрып, социалистік реализмге сай ұжымшылдық пен жанқиярлықты дәріптейді. Оның прозасында пафос, гипербола және бинарлық оппозициялар – жақсылық пен жамандық арасындағы күресті айқындайтын басты құралдар. Ал Бауыржан Момышұлының шығармаларында баяндау бірінші жақтан жүргізіліп, реализм мен әскери дәлдікке негізделеді. Кейіпкерлердің ішкі дүниесі, стратегиялық ойлау мен моральдық рефлексия олардың нағыз

ер ретінде бейнеленуіне негіз болады. Мұнда батырлық – жеке ар-намысты сақтау мен ұлтқа деген шынайы сүйіспеншілік негізіндегі парасатты әрекет.

Этикалық тұрғыда да маңызды айырмашылықтар байқалады. Қытай прозасында патриотизм мемлекеттің мүддесіне толық бағынумен айқындалса, қазақ прозасында ол халық пен отбасы алдындағы борышты терең түсінуден туындайды. Бұл – жауынгерлік ерлік пен рухани тәртіптің үндестігін көрсететін, ұлттық рухты ұлықтайтын ұғым.

Салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан алғанда, екі жазушының шығармаларындағы батырлық бейнесі – физикалық ерлік пен рухани кемелдік жолының көркем бірлігі. Осы зерттеу арқылы біз батырлықты тек жанкешті әрекет ретінде емес, тарихи сана мен рухани жауапкершілік арқылы қалыптасатын көпқабатты әдеби категория ретінде танимыз.

Зерттеу көрсеткендей, әдеби баяндау стратегиялары мен этикалық екпіндер – белгілі бір дәуірдің идеологиялық және мәдени парадигмаларын айқындайтын басты индикаторлар. Бұл орайда Ба Цзин мен Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы батырлық – мәдениетаралық түсіністік пен әдебиеттегі моральдық идеалдарды зерделеудің маңызды алаңы. Ұлттық дәстүрлер мен тарихи жады, жазушылық шеберлік пен стильдік тәсілдер – Қытай мен Қазақстан әдебиеттеріндегі батырлық бейнесін бірегейлікпен және тереңдікпен ұсынуға мүмкіндік беретін басты факторлар.

Осылайша, салыстырмалы зерттеу арқылы біз батырлық ұғымының бір ұлт шеңберінен шығып, жаһандық рухани категорияға айналатынын байқаймыз. Бұл ұғым – әр халықтың жүрегіндегі ең асыл құндылықтарды – ар, намыс, парыз және елге қызмет ету мұратын – көркемдік биіктен танытатын мәңгілік рухани бағдар.

References

- Ba Jin. (1995). *Reunion*. Beijing: People's Literature Publishing House.
- Qian Liqun. (2023). *Thirty Years of Modern Chinese Literature*. Beijing: Peking University Press.
- Wang Yichuan. (2018). *Literature and Patriotism: National Narrative of Modern Chinese Literature*. Literature and Art Research.
- Liu Zaifu. (2018). *Collection of Studies on Ba Jin*. Shanghai: East China Normal University Press.
- Zhanuzakova, Zh. (2020). *Қазақ прозасындағы патриотизм концепциясы*. – Astana: Elorda.
- Gao Tian. (2017). "The Reflection of the Concept of 'Patriotism' in the Discourse of the Russian Communist Party: A Chinese Perspective". *Problems in Linguistic Theory and Practice*.
- Dubkova, O. V. (2020). *Psiholingvisticheskie issledovaniya fragmentov kartiny mira kitajcev / O. V. Dubkova*. – Tekst : neposredstvennyj // Voprosy psiholingvistiki.
- Eremkina, E. S. (2019). *Otrazhenie koncepta «PATRIOT» v kitajskoj i russkojazykovykh kartinah mira (na materiale asociativnogo jeksperimenta) / E. S. Eremkina, T. V. Gofman*. – Tekst : neposredstvennyj // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki.
- Ahmetova G. Sh. (2024). *Metodologicheskie osnovy patrioticheskogo vospitaniya v kontekste istorii Kazakhstana s ispol'zovaniem proizvedenij Bauyrzhana Momysheuly // Vestnik KazNPU imeni Abaja. Seriya «Istorija i social'no-politicheskie nauki»*. – №4(84). – S. 102–110.
- Smagulov E. Zh. (2024). *Voennorukovodjashhaja dejatel'nost' i istoriko-duhovnoe nasledie Bauyrzhana Momysheuly // Eurasian Scientific Journal*. – №8(80). – S. 55–62.
- Zhusupova L. B. (2022). *Jazykovaja lichnost' Bauyrzhana Momysheuly kak fenomen: nacional'nyj harakter i voennopatrioticheskie vzgljad // Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L. N. Gumiljova. Seriya «Filologija»*. – №6(144). – S. 120–127.
- Nurmuhanbetova A. T. (2022). *Dejatel'nost' i okruzenie Bauyrzhana Momysheuly: istoricheskij analiz // Vestnik KazNPU imeni Abaja. Seriya «Istorija i social'no-politicheskie nauki»*. – №3(83). – S. 87–94.
- Bauyrzhan Momysheuly. (2011). *Қазақ халқының батыр перзенті, Bauyrzhan Momysheulyna arnagan. N.Қ.Қосаева*. Redakcija alqasyn akademik Ə.Nysanbaev baskarady. Redaktory: professor Қ.Серікбаев (bas redaktor), Қ.Қ.Әбуралиева (zhauapt redaktory). – Almaty: Ortalyq ғылыми kitaphana. – 382 b.
- Tileuberdiev, B.M. (2006). *Қазақ онимастикасының лингвокогнитивтік аспектілері*. – Almaty: «Arys» баспасы. – 208 b.
- Momysheuly, B. (2002). *Eki tomдық oleynder zhinaey*. 1t. – Almaty: Zhazushy. – 480 b.
- Ba Czin'. (1997). *Izbrannye proizvedeniya*. – Pekin: Narodnoe izdatel'stvo.
- Momysheuly, B. (1987). *Yshkan yja*. Sorys psihologijasy. – Almaty: Zhalyyn.
- Campbell, J. (1999). *The Hero with a Thousand Faces*. – Princeton University Press.
- Booth, W.C. (1998). *The Rhetoric of Fiction*. – University of Chicago Press.
- Ricoeur, P. (1994). *Time and Narrative*. – University of Chicago Press.

Авторлар туралы мәлімет:

Түймебекова Алия Абзелбековна – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: atuymbekova@mail.ru

Нергис Бирай – Памуккале университетінің профессоры, философия докторы (PhD), Денизли қ., Түркия, e-mail: nergisb@gmail.com

Саламатова Рахат Маханбетжановна – филология ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің доценті, Тараз қ., Қазақстан, e-mail: dosik...judo@mail.ru

Information about authors:

Tuimebekova Aliya – PhD student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: atuymbekova@mail.ru

Nergis Birai – doctor of Philosophy (PhD), Professor of Pamukkale University, Denizli, Turkey, e-mail: nergisb@gmail.com

Salamatova Rakhat Makhanbetzhanovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Taraz University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan, e-mail: dosik...judo@mail.ru

Келін түсті: 22 наурыз 2025 жыл

Қабылданды: 13 тамыз 2025 жыл